

**Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2014 жылғы 20 наурыздағы № 27/174 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 ақпандағы ІІ сессиясының № 51/360 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 наурызда № 3706 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2021 жылғы 1 наурыздағы № 3/30 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2014 жылғы 20 наурыздағы № 27/174 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2587 болып тіркелген, 2014 жылғы 19 сәуірдегі № 17 (9611) " Жаңаарқа" газетінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылы 30 мамырда жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларының 3-тармағының 9) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"9) уәкілетті ұйым - "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;"

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен тыс  
ІІ сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*У. Қадірсізов*

*М. Абдишев*